

№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы

«Келісемін» 

№ 4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы

Әдіскер: Досова Г.З.

«Бекітемін» 


№ 4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы

менгерушісі: Кубесова Д.К.

№4«Балбөбек» бөбекжай балабақшасының 2023-2024 оқу жылының педагог-психологтың

педагогтарға арналған жұмыс жоспары.

Педагог-психолог: Елшибекова.А.О

2023-2024 оқу жылы

№	Бағыты	Тақырыбы	Күні	Кіммен жүргізіледі
1	Консультация	«Баланың балабақшаға бейімделуі»	15.09.2023	Педагогтар
2	Психологиялық-педагогикалық ағарту	«Мен өмірді сүйемін»	30.10.2023	Педагогтар
3	Психодиагностика	«Сіз туған айыңыз сіз туралы не айтады?»	14.11.2023	Педагогтар
4	Психологиялық-педагогикалық ағарту	«Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті!»	06.12.2023	Педагогтар
5	Психодиагностика	«Бойыңыз қандай?» Психологиялық тест	05.01.2024	Педагогтар
6	Психологиялық-педагогикалық ағарту	«Мейірімді болса жүрек-орындар тілек»	15.02.2024	Педагогтар
7	Консультация	«Баланың тілі қалай дамиды»	01.03.2024	Педагогтар
8	Психодиагностика	«Сіз кімсіз?» (тест)	10.04.2024	Педагогтар
9	Психологиялық-педагогикалық ағарту	«Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы»	24.05.2024	Педагогтар

Анықтама№1

Қатысушылар: Педагогтар

Уақыты:15.09.2023

Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделуі»

Педагогтарға кеңес

Ерте жастағы баланың балабақшаға бейімделуі –әр балада әр түрлі қабылданады, жаңа ортаға бейімделу процессі-бұл жаңа ортаға бейімделу ғана емес күні бойы жаңа режимді, жаңа орта, жаңа қарым-қатынас сонымен қатар жаңа дағдаларын дамытуға балалар түрлі жолмен өтеді . Осы кезеңде кейбір балалар ауыр, ал кейбіреулері жеңіл қабылдайды. Бейімделудің ауыр жолымен өткен кейбір балалардың бейімделуі 3-4 айға созылады. Жеңіл бейімделу кезеңі 1-2 күн болды. Ұзаққа созылған бейімделу кезеңі көптеген факторларға байланысты болады баланың денсаулығына, жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне, үйдегі ата-ана ықпалына т/б себептерге байланысты. Бұл кезде балаға тәрбиеші тарапынанда жеке қолдау керек балаға жақсы көңіл күй сыйлап ортаға қосу. Ерте жастағы баланың балабақшаға бейімделуін, тамақтануы, ұйықтауы, өзгелермен қарым-қатынасы, сөйлеу әрекеті, ойын ойнаудағы белсенділіктері бойынша балаға жеке карта ашып бейімделу уақытын белгілеп баланың бейімделуі жайында ата-анамен бірігіп бірдей жұмыс жасалды. Баланың балабақшаға бейімделуі әрине бірінші отбасында және беалабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес адамдармен, балалармен танысады, мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайда бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкендермен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды. Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері: Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен. Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен. Кей тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбегшен (картоп, нан) Балабақшаға бала қалғандам алғаш екі сағатқа ғана қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады. Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе, оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретініңіз туралы айттыңыз ба? Қобалжуы қиын ата аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая түседі. Осы кезде

ата аналар балаға көмек берулері керек. Ертеңгілік қоштасуларды жеңілдету тәсілдері: Баламен тез қоштасып үйреніңіз, қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады. Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз 21 - - - Мектепке дейінгі ұйымдағы педагог-психологтың әдістемелік құралы - - - Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін табыңыз және соны қатал ұстаңыз. Балаңыз балабақшаға барғаны үшін алдарқатып ойыншық сатып алмаңыз. Балаға анық түсінік беру керек. Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай көндіру қиын болады. 1,5-2 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі. Үйде балабақша күн тәртібін қатаң сақтаңыз. Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз. Үйдегі жағдайда баланың өз өзіне қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз; жуыну, сүртіну, шешіну ,өз бетінше тамақтану, твамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде ынғайлы болуы шарт. Баланың «Социалдық көкжиегін»кеңейтіңіз ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез ыүйренісіп тіл табысатын болады. Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбінесе ата ана тарапынан болуы керек, оның өзіне керек екендігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.Есіңізде болсын сіз көбірек осындай жылылық білдірмеңіз сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді.

Қорытындысы:

Педагогтарға «Баланың балабақшаға бейімделуі»тақырыбында кеңес берілді.Барлық педагогтар кеңесті мұқит тыңдады.Өз ойларымен де бөлісті.

Зерттеуші:Педагог-психолог:Елшибекова Амангүл

Хаттама№2

Қатысушылар:Педагогтар

Күні:30.10.2023ж

Тақырыбы:«Мен өмірді сүйемін»

Мақсаты:

Тренинг қатысушыларына “Өмірді сүйу” және оның мәні туралы түсінік беру. “Мен өмірді сүйемін” сенімін орнату. Адамның өмірі өз қолында екенін түсіндіріп, өмірді сүйуге дағдыландыру.

Тренинг барысы:

1. Тренингке қатысушылармен сәлемдесу.
2. «Мен өмірді сүйемін» танысу жаттығуын орындау. Шаттық шеңберін құра отырып, әрбір қатысушы «Мен өмірді сүйемін» деп өзінің аты - жөнін мен мектебін кезектесіп айтып шығады.
3. Сергіту сәтін орындау. Бейнетаспа арқылы педагогтарды көңілді әуенге билету.
4. Тренинг қатысушыларына өмірі жайлы қысқаша баяндап беру.

Қорытындысы:

Педагогтарға «Мен өмірді сүйемін» тақырыбынды тренинг жүргізілді. Педагогтар өте белсенділік танытып өмірге деген көзқарастарын өзгертті.

Педагог-психолог:Елшибекова Амангүл

«Мен өмірді сүйемін»

Мақсаты: Тренинг қатысушыларына “Өмірді сүю” және оның мәні туралы түсінік беру. “Мен өмірді сүйемін” сенімін орнату. Адамның өмірі өз қолында екенін түсіндіріп, өмірді сүйуге дағдыландыру.


Тренинг барысы:

1. Тренингке қатысушылармен сәлемдесу.
2. «Мен өмірді сүйемін» танысу жаттығуын орындау. Шаттық шеңберін құра отырып, әрбір қатысушы «Мен өмірді сүйемін» деп өзінің аты - жөнін мен мектебін кезектесіп айтып шығады.
3. Сергіту сәтін орындау. Бейнетаспа арқылы педагогтарды көңілді әуенге билету.
4. Тренинг қатысушыларына өмірі жайлы қысқаша баяндап беру.

Қорытынды:

Ой — түйін: «Сиқырлы жүрек»

Нұсқау: Ал, енді мына жүрекке назар аударайықшы. Ол тірі емес, біз қазір оған жан береміз. Мына жүрекшелердің артына балаға деген ақ тілектеріңізді оқи отырып, үлкен жүрекке жапсырайық. Жүрек тірілді, ол үнемі дүрсілдеп соғып тұратын болады.



Хаттама №3

Зерттеуші топ: Педагогтар

Зерттеу уақыты: 14.11.2023

Балабақша қызметкер саны:

Сауалнама тақырыбы: «Сіз туған айыңыз сіз туралы не айтады?» (психологиялық тест)

Мақсаты:

Мінез-құлқын анықтау

Интерпретация:

Қаңтар айында туылған қыздар айтқанынан қайтпайтын, батыл болып келеді. Өз сезімін сыртқа жайғанды ұнатпайды. Барлық нәрсеге сыни көзбен қарайды және өзімен интеллектуалды дәрежесі бірдей, пікірін қолдайтын адамдармен қарым-қатынас жасағанды қалайды.

Ақпан айында туған арулар романтиканы сүйетіндер. Олармен тілдескенде сізге ерекше төзім қажет болады. Көңіл-күйлері жиі құбылатындықтан, бұл топтағыларды түсіну сәл қиындау. Ал сатқындық жасайтын болсаңыз, оны бұдан былай көрмейсіз.

Наурыз айында дүниеге келгендер – өздеріне өте сенімді жандар және еңбексүйгіш. Олар сіз ренжітіп, көңіліне тигенге дейін сүйкімділіктерін сақтай біледі. Жалпы наурызда туылғандармен бірге өмір сүру – бір ғанибет.

Сәуір айында туғандар көпшіл болып келеді. Кез келген адаммен оңай тіл табысып кетеді. Әсіресе сүйікті адамымен. Бірақ қызғаншақтық қасиеті де бар. Сеніміне кірген жандарды қадірлей біледі, оған бар сырын ақтарыла айтады. Негізі сәуірде туылған қыздар өз жартыларын әлемдегі бақытты жанға айналдыра алады.

Мамыр нағыз әйелдердің айы. Бұл кезде туылғандар тұрақтылықпен ұстамдылық қасиеттеріне ие. Сондай-ақ көзтартарлық сұлулығы да бар. Мінездері өте жұмсақ. Аздап еріншектігі болуы мүмкін. Бірақ оларға кезіккен ерлердің жолы болғыш.

Маусым айында туған арулар шығармашыл. Жаңа нәрселерге үнемі қызығып жүреді. Бір кемшілігі – алдымен сөйлеп, содан соң барып ойланады. Бірақ олар сыртыңнан сөз тасымай, шындықты бетке айтады. Айтпақшы, жігіттер бұл арулардан сақболғаны жөн. Өйткені оларды оп-оңай ойыншығына айналдырып ала алады.

Шілде. Жазда, жалпы жылдың ортасында дүниеге келген арулар өте адал, сұлу, ақылды әрі өте жұмбақ болып келеді. Айқай-шуды, ұрыс-керісті жақтырмайды. Оған өтірік айтпаңыз. Бір рет алдаймын деп бұл айда туған жақыныңыздан, досыңыздан айырылып қалуыңыз мүмкін.

Тамыз. Өте қызық жаратылыс иелері. Бойында эгоистік қасиетте, жомарт жүрек те бар. Олармен ұрсысудың қажеті шамалы. Өйткені бәрібір жеңіліп қаласыз. Сондай-ақ әзіл-қалжыңға жақын келеді. Үнемі жұрттың назарында болғанды ұнатады. Еркектерді бірден баурап алатын қабілетке ие.

Қыркүйек айында мейірімді, ерекше жандар дүниеге келеді. Өзіне сатқындық жасағандарды кешірмейді. Егер оған ауыр, теріс әрекет

жасасаңыз, сізден кек қайтаруы мүмкін. Олар бір күндік уақытша қарым-қатынасты емес, ұзақ, тұрақты қатынасты бағалайды. Егер жеңіл-желпі ойыңыз болса, қыркүйекте туған аруларға жақындамай-ақ қойыңыз.

Қазан айында туғандар ақылды және өте мықты мінез иелері. Көпшілік алдына шыққанды ұнатпайды. Кез келгенге ақтарылып сырын аша бермейді. Әрісті ойланып, ақылға салып барып жасайды. Жанындағыларға көп жағдайда оның қызғаншақтығы ұнамайды.

Қараша айында туғандар өзгелерден үнемі бір қадам алда жүреді. Оны өздері байқамауы да мүмкін. Өйткені олар жасаған іс-әрекеттеріне мақтанып, бәріне көрсетуді көздемейді. Өтірікті бірден байқайды. Егер шындықты білгіңіз келсе, қарашада туылған бикештердің пікірін тыңдаңыз.

Желтоқсанда шыдамсыз, күйгелектер дүниеге келеді екен. Кез келген тығырықтан шығар жолды оңай тауып кетеді. Былайша айтқанда, «судан құрғақ шығады». Олар өздері ғана сергек жүрмей, өзгелердіңде көңіл-күйін көтеріп жүреді. Өмірінде көптеген кедергіге тап болуы мүмкін, бірақ соңында керемет жеңіске қол жеткізеді.

Қорытынды:

НАУРЫЗ:Гүлдана,Анаргүл

СӘУІР:Зухра,Ләззат

МАМЫР:Марина

ҚАЗАН:Амангүл,Гүлзия,Дания

ҚАРАША:Жамиля,Камила

ЖЕЛТОҚСАН:Зімірзат

Педагог-психолог: Елшибекова Амангүл



Хаттама№4

Қатысушылар:Педагогтар

Уақыты: 06.12.2023

Ойын:«Көңілі көтеріңкі ұстаздың ,еңбегі де жемісті!»

Мақсаты:

Педагогтардың психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу.

Тренинг барысы:

1. Танысу
2. Әдістеме «Менің мінезім»
3. «Мен-үйде» және «Мен-жұмыста» жаттығуы
4. «Тиімді қарым-қатынас орнату» жаттығуы
5. «Ыстық картоп» жаттығуы
6. Релаксациялық жаттығу «Сарқырама»
7. Қорытынды «Күн шуағы» жаттығуы

Қорытындысы:

Педагогтарға«Көңілі көтеріңкі ұстаздың ,еңбегі де жемісті!»тақырыбында тренинг ойнатылды.Педагогтар ойынды қызықты ойнады. Тренинг барысында педагогтар өте белсенділік танытты.

Тақырыбы: «Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті»

Мақсаты: Педагогтардың психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу.

Тренинг сабақ құрылымы:

1. Танысу
2. Әдістеме «Менің мінезім»
3. «Мен-үйде» және «Мен-жұмыста» жаттығуы
4. «Тиімді қарым-қатынас орнату» жаттығуы
5. «Ыстық картоп» жаттығуы
6. Релаксациялық жаттығу «Сарқырама»
7. Қорытынды «Күн шуағы» жаттығуы

Тренинг барысы: Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі өткізілетін психологиялық тренингке қош келіпсіздер! Бүгін сіздердің психикалық көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге, өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға арналған тренингке ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

Топтағы қағида:

1. Белсенділікті арттыру
2. Бірігіп жұмыс істеу
3. Бір-біріне кедергі келтірмеу
4. Өз ойыңды ашық айта білуге үйрену
5. Өзіңе пайдалы нәрсені алу
6. Әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу
7. Өзін еркін ұстауға үйрену

1. «Таныс болайық!» жаттығуы

Мақсаты: Өзін таныстыру, ұжымға бейімделу, айналасындағылармен бірлесіп жұмыс жасауға оң бағытталу.

2. Әдістеме: «Менің мінезім»

Мақсаты: Өзіне деген сенімділігін, өзін тануға деген қабілеттерін анықтау. Әрбір қатысушы білезіктей шеңбер сызып, оны төртке бөледі.

Әр бөлікке төмендегі жануар, аң, құс аттарын жазып шығады.

Түйе, Жылқы, Сиыр, Қой, Ешкі, Ит, Мысық, Тауық, Қаз, Аққу, Қарлығаш, Үйрек, Бұлбұл, Арыстан, Қасқыр, Түлкі, Маймыл, Қоян, Тауешкі, Тасбақа, Жылан, Балық.

Соңында 1. Үйде, 2. Жұмыста, 3. Жолдастарының арасында, 4. Өзіндік баға деп бөлінген бөліктерге жазылған жануарлар, құстар адамның сол бөлікке қатысты мінездемелермен танысады.

Жауабы:

1. Түйе- шыдамды
2. Жылқы- тектілік
3. Сиыр- өкпелегіш
4. Қой- жайдарлылық
5. Ешкі- ұйымдастырушылық

6. Ит- адалдық
7. Мысық- биөрісі басым адамдар
8. Тауық- шығармашыл
9. Қаз- тазалық
10. Аққу- сезімтал
11. Қарлығаш- бауырмал
12. Үйрек- ұқыптылық
13. Бұлбұл- әнді жақсы көретін
14. Арыстан- қайратты
15. Қасқыр- жігерлі
16. Түлкі- бейімделгіш
17. Маймыл- әртістік қабілеті бар
18. Қоян- елгезек
19. Тауешкі- талғамы жоғары
20. Тасбақа- мейірімді
21. Жылан- салқынқанды
22. Балық- еркіндікті қалайды

Талдау: жаттығудан алған әсеріңіз? Өзіңізді теңеу қиын болды ма?

3. «Мен – үйде» және «Мен – жұмыста» жаттығуы (10 минут)

Қазір сіздер паракты екі бағанға бөліңіздер. Бірінші бағанаға «Мен үйде» деп, ал екінші бағанаға «Мен жұмыста» деп жазыңыздар. Осы екі бағананы сол жердегі мінез-құлықтарыңыз бен жүріс -тұрыстарыңызды жазыңыздар.

Талқылау:

1. Осы жағдайлардағы мінез-құлықтарыңыз бен жүріс-тұрыстарыңыздың ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы қорытынды жасаңыз.
2. Қай бағананы толтырған оңайға соқты? Қай бағана көптеу болды?
3. Не себепті айырмашылықтар болады?
4. Бұл бағанадағы жағдайлар сәйкес келу керек пе? Неге?

4. «Тиімді қарым-қатынас орнату» жаттығуы.

Ортаға 6 мұғалім шақырамын. Сіздерге тапсырмалар беріледі.

Тапсырмаларды үнсіз оқып, вербалдық емес қарым-қатынас құралдарының көмегімен жағдаяттарды ойнап шығуы тиіс. Басқа қатысушылар не жайлы «баяндалып» жатқанын шешулері керек.

5. «Ыстық картоп» ойыны

Мақсаты: Қатысушылардың көңіл-күйлерін көтеру.

Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Алдын-ала дайындалған сұрақтар қағазға жазылып, дөңгелек пішінде умаждап, ыстық картоп дайындаймыз. Қарқынды әуен қосылады да, қатысушылар ыстық картопты жылдам бір-біріне береді. Әуен тоқтатылған кезде ыстық картоп кімнің қолында болады сол адам тез қағазды ашып, жазылған сұраққа жылдам жауап беруі тиіс.

Сұрақтар:

Бүгінгі көңіл-күйің?

Сенің сүйікті тағамың?

Сенің хоббиің?

Спорттың қай түрін ұнатасың?

Қандай киім үлгісін ұнатасың?
Жылдың қай мезгілін ұнатасың? Не үшін?
Қай түсті ұнатасың?
Жылдың ең қысқа айы?
Кактус гүліне ұқсайтын жәндік?
Сүйікті әнің?
«А» дыбысынан басталатын бес затты ата?
Кері оқығанда тура мағынаны беретін адамның дене мүшесі?
Саған ұнайтын кино?
Сүйікті әншің?

6. «Сарқырама» релаксациялық жаттығуы

Мақсаты: қатысушылардың өздерін сергек сезінуіне көмектеседі.

Бұл медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады.

Жүргізуші: «Жайланып отырыңыз және көзіңізді жұмыңыз. 2-3 рет деміңізді шығарыңыз, дем алыңыз. Өзіңізді сарқыраманың жанында тұрмын деп елестетіңіз. Бірақ бұл басқа сарқырамаларға ұқсамайтын ерекше сарқырама. Судың орнына бұл сарқырамадан жұп-жұмсақ аппақ жарық ағуда. Енді өзіңізді осы сарқыраманың астында тұрмын деп ойлаңыз және осы сарқырамадан сіздің басыңыздан төмен қарай ақ жарықтар ағып жатыр деп ойлаңыз... Өзіңіздің маңдайыңыз, ауызыңыз, бетіңіз бен мойныңыздан ағып жатқан ақ ұлпа жарықты сезініңіз... Ақ жарық сіздің иықтарыңыз бен арқаңыздан ағып жатыр, бұл сізге өзіңізді жайлы сергек сезінуіңізге көмектеседі. Арқаңыздан аққан ақ жарық сіздің арқаңыздағы ауыртпалықты алып кеткендей болады...

Сонымен қатар жарық сіздің қолдарыңыз бен алақандарыңыздан және саусақтарыңыздан ағып жатыр. Сіздің қолдарыңыз бен алақандарыңыздың жұмсақ әрі сергек болғандығын сезіндіңіз. Жарық сіздің аяқтарыңыз бен өкшеңізден ағып кетіп жатқандығын сезіндіңіз. Бұл жарық сіздің денеңіздегі қысымды өзімен бірге алып кетіп, денеңізді жұп-жұмсақ әрі сергек етуде. Сіз өзіңізді жайлы сезінудесіз, сіздің денеңіз жағымды күштер мен қуаттарға баюда... (30 секунд). Ал енді, сіздің бойыңызды таратқан сарқырамаға өз алғыстарыңызды білдіріңіз. Денеңізді тік ұстап, көзіңізді ашыңыз».

Талдау: Қандай сезімде болдыңыз? Не сезіндіңіз?

7.«Күн шуағы» жаттығуы

Мақсаты: позитивті көңіл-күй орнату.

Барысы: әрбір қатысушының алдын ала дайындалған күннің бейнесі дайындалған. Күннің ішіне және сәулесіне қатысушылар бір біріне өз тілектерін жазады.

Қорытынды: Біздің жаттығуларымыз аяқталуға жақын қалды. Мен сіздердің барлығыңызға қатысқандарыңыз үшін ризамын. Мен сіздермен жұмыс жасағанымға өте қуаныштымын.

Тренингке қатысқандарыңызға рақмет! Сау болыңыздар!

Хаттама №5

Зерттеуші топ: Педагогтар
Зерттеу уақыты: 05.01.2024

Сауалнама тақырыбы: «Бойыңыз қандай?»

Мақсаты: мінез-құлқын анықтау

140-150см. Ақылды әрі ойшыл. Сіздің идеяларыңыз бен ойларыңыз бәрінен маңызды. Өз теорияларыңызды ойлап тауып, оңашада ойлануды жақсы көресіз. Интровертсіз. Ізденгенді, ойланғанды ұнататын адамдармен жақсы қарым-қатынаста боласыз. Үстіртін жүріс сізге сай емес. Өмірге деген көзқарасыңызды қалыптастыруға көп уақыт жұмсайсыз. Жарты әлем сізге қарсы тұрса да, өзіңіз дұрыс деп тапқаныңызды істеуге тырысасыз.

150-160см. Философ әрі көреген. Сіз басқаларға ұқсамайсыз. Түйсігіңіз өте жақсы дамыған, өмірде сенген ғажайыптарыңыз да орындалып жатады. Көпшілігі сізді дұрыс 36 түсінбегендіктен бұл жаныңызды жаралайды. Сізге жеке кеңістік керек. Шығармашылығыңыз әрі қарай дамытуды және оған өзгелер құрметпен қарауын талап етеді. Өмірдің ағын да, қарасын да айқын көресіз. Эмоцияңыз да басым.

160-170см. Шыншыл да тартымды. Сіз басқаларға қамқор болуды жақсы көресіз әрі жауапкершілігіңіз жоғары. Адал еңбекке сенесіз, өз мойныңызға жүктелген міндеттерді оңай алып шығасыз. Мінезіңіз жайлы. Адамдар сізге зор сеніммен қарайды. Ақжарқын, тапқыр, шапшаң жан деп сізді айтамыз. Сіз диммидентсіз. Сөйлегенде кез келген ортаны үйіріп әкетесіз.

170-180см. Сенімді әрі үстем жансыз. Адамдармен тез тіл табысып кетесіз. Достарыңыз да көп олардың өміріне мән беріп жүруді ұнатасыз. Аураңыз жарқын да жылы. Сіздің жаныңызда кез келген жан өзін жайлы сезінеді. Қызықты, зерек, бірегей болғыңыз келеді. Сізге махаббат көбірек керек. Өзіңізді ұнатпайтын жанды да сүйуге барсыз.

190-нан жоғары. Бақытты да байыпты, сергек, түсінігі мол адамсыз. Біреудің сөзін еш бөлместен, қарсы сөйлеместен мұқият тыңдайсыз. Өмірде әр адамның жеке соқпағы болуы керек деп санайсыз. Болып жатқан жағдайлар мен адамның тосын мінездерін жеңіл қабылдайсыз. Көп нәрсеге алаңдамайсыз, стрестен тез өтесіз. Босаңсыған жан деуге де болады. Өз жолыңыздан таймай-ақ үнемі уақытты жақсы өткізесіз.

Педагог-психолог: Елшибекова Амангүл

Хаттама №6

Қатысушылар: Педагогтар
Зерттеу уақыты: 15.02.2024ж

Психологиялық тренинг: «Мейірімді болса жүрек-орындар тілек»

Мақсаты: Қатысушылардың психоэмоционалдық жағдайларын жақсарту, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату. Шығармашылық қабілетті әрі қарай дамыту. Релаксация арқылы жағымсыз ойлардан арылу.

Қажетті құрал-жабдықтар: музыкалық құрылғы, лента, таратпа қағаздар, шарлар, маркер, акварельді бояу, балауыз шамы, А4 парағы.

Тренинг барысы:

1. Кіріспе сөз. (тренингтің тақырыбын, мақсатын, жоспарын, эпиграфын таныстыру, тренинг ережесін қабылдау).

Тренинг ережесі:

1. Белсенділікті арттыру;
2. Бірігіп жұмыс істеу;
3. Бір-біріне кедергі келтірмеу;
4. Ашық микрофон;
5. Құпиялықты сақтау;
6. Белсенділігін арттыру.

Қорытындысы:

Балабақша қызметкерлеріне «Мейірімді болса жүрек-орындар тілек» тақырыбында тренинг ойнатылды. Тренинг барысында қызметкерлер өте белсенділік танытты.

Педагог-психолог: Елшибекова Амангүл

«Мейірімді болса жүрек - орындалар тілек»

Мақсаты: Қатысушылардың психоэмоционалдық жағдайларын жақсарту, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату. Шығармашылық қабілетті әрі қарай дамыту. Релаксация арқылы жағымсыз ойлардан арылу.

Қажетті құрал-жабдықтар: музыкалық құрылғы, лента, таратпа қағаздар, шарлар, маркер, акварельді бояу, балауыз шамы, А4 парағы.

Тренинг барысы:

1. Кіріспе сөз. (тренингтің тақырыбын, мақсатын, жоспарын, эпиграфын таныстыру, тренинг ережесін қабылдау).

Тренинг ережесі:

1. Белсенділікті арттыру;
2. Бірігіп жұмыс істеу;
3. Бір-біріне кедергі келтірмеу;
4. Ашық микрофон;
5. Құпиялықты сақтау;
6. Белсенділігін арттыру.

Жоспар:

Негізгі бөлім

1. «Амандасу» жаттығуы

Қарым-қатынас амандасудан басталады. Педагогтар дөңгеленіп тұрады. Барлығы тақтаға қарайды. Егер тақтада күлкі бейнеленсе, онда бір-бірімізге күлімдей қараймыз. Қол бейнеленсе – қолымызды қысып амандасамыз. Күн бейнеленсе – жақсы ықыласпен сәлемдесеміз. Жүрек бейнеленсе – құшақтасамыз.

2. «Саусақ ,жұдырық» жаттығуы

Нұсқау: оң қолыңды көтер, саусағыңды ашып тұру. Екінші қолың жұдырықтаулы (кезектесу арқылы жасау 3-рет) Қолды ауыстырып шапалақ ұру қайта жалғастыру (3-рет)

3. «Лайк, рапорт» жаттығуы

Нұсқау: оң қолды созып лайк көрсету, сол қолмен маңдайда ұстау-рапорт беру. кезектесу арқылы жасау 3-рет) Қолды ауыстырып шапалақ ұру қайта жалғастыру (3-рет)

4. «Нейро» жаттығулары

Нұсқау: қатысушылар арнайы берілген тапсырма бойынша екі қолмен бірдей мезгілде жаттығуды орындап, арасында шапалақ ұру, ары қарай ауысып жалғастыру.

5.«Стақан» жаттығуы

Нұсқау: қатысушылар екі тізбекке бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Қатысушыларға тапсырма беріледі, сол тапсырманы орындайды. Мысалы: бет, құлақ, тізе, бел, бас, тізе, бет, стакан.

6.«Алған әсерлер» жаттығуы

Шеңберде тұрып, сол алақанға ойша бүгінгі көңіл-күйді салып, оң алақанға жаттығудан алған әсерлерімен бөлісу.

7.«Егер саған ұнаса...» ойыны

Егер саған ұнаса саусақпен тырсылдыт,
Егер саған ұнаса шапалақта жараса.
Егер саған ұнаса аяғыңмен тарсылдат,
Егер саған ұнаса айтайықшы «Тамаша».

Қайтымды байланыс жасау:

тренинг барысында қандай сезімде болдыңыз?

Не сезіндіңіз? Көңіл-күйіңіз қалай? Жаттығулар ұнады ма?



Анықтама №7

Қатысушылар: Педагогтар

Уақыты: 01.03.2024

Саны:

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Тақырыбы: «Баланың тілі қалай дамиды»

Педагогтарға кеңес

Тіл – адамдардың әлеуметтік қатынасының ең маңызды факторы. Ол адамдардың өміріндегі барлық әсер етулерді біріктіретін элементті болып табылады. Ойлау мен тілдің қарым-қатынасы ерекше ілтипат талап етеді. Тіл – ойдың тікелей шындығы. Бала өз анализаторлары арқылы айналадағы заттарды тани бастайды. Сөз сенсор жолымен табылған ұсыныстарды бекітеді.

Баланың лингвистикалық дамуы сенсорлықпен тығыз байланысты. Бала сыртқы сезімдер органымен қабылдаған нәрселерді бірінші есіне түсіреді. Бала әлі сөзді заттан айыра алмайды. Сондықтан әр сөздің заттық таңбалануын есте сақтау үшін, естудің маңызы зор. Тіл көрнекі, әсерлі жолмен дамиды, сондықтан сөз бен затты адамның қабылдауына бір уақытта ұсыну керек.

Нақты әлемсіз тіл дами алмайды. Баланың тілі дамуы үшін балалардың айналасында өздері көре алатын, салыстыратын, ойын және еңбекте үйренетін заттар болу керек. Бақылау нәтижелерін сөзбен қамтып көрсету керек. Заттардың дұрыс қабылдануы баланың дамуына өте маңызды.

Сенсорлық даму мен сөйлеу қабілетінің дамуы ұсақ бірлікте жүреді. Баланың сөйлеуінің дамуынан сезім мүшелерінің дамуын бөлуге болмайды. Заттардың дұрыс қабылдануы баланың бас зерделі жұмысы болып табылады.

Сөз баланың есінде сақталу үшін, оны қабылдау үшін дыбысталуын меңгеру үшін сөздерді жиі қайталау керек. Сол кезде бала сөз бен затты байланыстырып, атаулары мен қолдануын есте сақтайды. Баланың әңгімелесушілері балалар және ересектер болуы керек. Бала өз құрдастарының ортасында ойнауына көңіл бөлу керек, балаларға кең қатынасу мүмкіндігін беру керек. Бұл сөздік қорын жетілдіру мен тілін дамытудың маңызды жолы болып табылады. Тіл саласындағы дербестік ойында және ойын арқылы еңбекте осылай айқын және қызық айқындалады. Баланы қоршаған әлем – күн сайынғы тұрмыстық заттар, адамдар, жануарлар,

суреттер, ойыншықтар, табиғат – баланың әлемді қабылдауын кеңейтеді және олардың тілін дамыту үшін үздіксіз беріліп жатқан ақпаратты қолдануға алып келеді. Әсіресе талантты баланың өнерінің өнімдері тілдің дамуына пайдасына тигізеді. Мысалы, бала сурет салады, мүсін дейді, құрастырады, ұстайды, орнатады. Ол сөзбен жеткізе алмайтынын, ішкі сезімдерін өнері арқылы көрсетуге мүмкіндік алады. Көрнекілік балалардың қабылдауын құрастыруға негізгі құрал болса да, жалғыз жолы болып табылады. Іске асыратын істері мен заттармен байланысын сезінуінен айыру балалардың үйренуінде ескерілуі керек. Оны отбасы мүшелері және балабақша қызметкерлері ұмытпау керек.

Біз баланың дамуын тәртіпсіздіктен арашалауымыз керек. Кемеліне жетпеген және көп жайттарды түсінбейтін баланы заттармен таныстыру барысында бастапқы әсерлері дәл, дұрыс болатындығын бақылап, солай болуына мүмкіндік туғызу керек.

Қорытындысы:

Педагогтарға «Баланың тілі қалай дамиды» тақырыбында кеңес берілді. Барлық педагогтар кеңесті мұқит тыңдады. Өз ойларымен де бөлісті.

«Баланың тілі қалай дамиды»

Тіл – адамдардың әлеуметтік қатынасының ең маңызды факторы. Ол адамдардың өміріндегі барлық әсер етулерді біріктіретін элементті болып табылады. Ойлау мен тілдің қарым-қатынасы ерекше ілтипат талап етеді. Тіл – ойдың тікелей шындығы. Бала өз анализаторлары арқылы айналадағы заттарды тани бастайды. Сөз сенсор жолымен табылған ұсыныстарды бекітеді.

Баланың лингвистикалық дамуы сенсорлықпен тығыз байланысты. Бала сыртқы сезімдер органымен қабылдаған нәрселерді бірінші есіне түсіреді. Бала әлі сөзді заттан айыра алмайды. Сондықтан әр сөздің заттық таңбалануын есте сақтау үшін, естудің маңызы зор. Тіл көрнекі, әсерлі жолмен дамиды, сондықтан сөз бен затты адамның қабыл дауына бір уақытта ұсыну керек.

Нақты әлемсіз тіл дами алмайды. Баланың тілі дамуы үшін балалардың айналасында өздері көре алатын, салыстыратын, ойын және еңбекте үйренетін заттар болу керек. Бақылау нәтижелерін сөзбен қамтып көрсету керек. Заттардың дұрыс қабылдануы баланың дамуына өте маңызды.

Сенсорлық даму мен сөйлеу қабілетінің дамуы ұсақ бірлікте жүреді. Баланың сөйлеуінің дамуынан сезім мүшелерінің дамуын бөлуге болмайды. Заттардың дұрыс қабылдануы баланың бас зерделі жұмысы болып табылады.

Сөз баланың есінде сақталу үшін, оны қабылдау үшін дыбысталуын меңгеру үшін сөздерді жиі қайталау керек. Сол кезде бала сөз бен затты байланыстырып, атаулары мен қолдануын есте сақтайды. Баланың әңгімелесушілері балалар және ересектер болуы керек. Бала өз құрдастарының ортасында ойнауына көңіл бөлу керек, балаларға кең қатынасу мүмкіндігін беру керек. Бұл сөздік қорын жетілдіру мен тілін дамытудың маңызды жолы болып табылады. Тіл саласындағы дербестік ойында және ойын арқылы еңбекте осылай айқын және қызық айқындалады. Баланы қоршаған әлем – күн сайынғы тұрмыстық заттар, адамдар, жануарлар, суреттер, ойыншықтар, табиғат – баланың әлемді қабылдауын кеңейтеді және олардың тілін дамыту үшін үздіксіз беріліп жатқан ақпаратты қолдануға алып келеді. Әсіресе талантты баланың өнерінің өнімдері тілдің дамуына пайдасына тигізеді. Мысалы, бала сурет салады, мүсін дейді, құрастырады, ұстайды, орнатады. Ол сөзбен жеткізе алмайтынын, ішкі сезімдерін өнері арқылы көрсетуге мүмкіндік алады. Көрнекілік балалардың қабылдауын құрастыруға негізгі құрал болса да, жалғыз жолы болып табылады. Іске асыратын істері мен заттармен байланысын сезінуінен айыру балалардың үйренуінде ескерілуі керек. Оны отбасы мүшелері және балабақша қызметкерлері ұмытпау керек.

Біз баланың дамуын тәртіпсіздіктен арашалауымыз керек. Кемеліне жетпеген және көп жайттарды түсінбейтін баланы заттармен таныстыру барысында бастапқы әсерлері дәл, дұрыс болатындығын бақылап, солай болуына мүмкіндік туғызу керек.

Хаттама №8

Зерттеуші топ: Педагогтар
Зерттеу уақыты: 10.04.2024

Сауалнама тақырыбы: «Сіз кімсіз?» (тест)

Мақсаты: мінез-құлқын анықтау

Суреттегі пішіннің бірін тандаңыз да, өзіңіздің кім екеніңізді біліңіз.

- 1. Ізденімпаз:** Өмірі ізденіс үстінде жүресіз, ылғи жаныңыз өзгерісті талап етеді. Өзгерістер үшін тіпті тәуекелге бел буудан бас тартпайсыз. Қиындықтардан қашпайсыз және өз дегеніңізге міндетті түрде жетесіз.
- 2. Реалист:** Сәттілік қашан туады екен деп күтіп отыратын жандардың қатарынан емессіз. Барлық нәрсеге өз күшіңізбен жетуге тырысасыз. Бос арман мен қиялға мән бермейсіз.
- 3. Философ:** Сіз тыныштықты қалайсыз және тұйықтығыңыз да бар. Әртүрлі тақырыпта өзіңіздің ойыңызды қалыптастырғансыз. Ұзақ уақытыңызды ойлануға жұмсайсыз.
- 4. Актер:** Сіздің бойыңызда бірнеше адам өмір сүретіндей. Көңіл-күйіңіз құбылмалы. Бірде өте суық болсаңыз, кейде адамдарға сыйлайтын жылуыңызда шек жоқ. Кез келген жерде өзіңізді көрсете аласыз.
- 5. Финансист:** Сіз тек есепке сүйенесіз. Сізді логика емес, фактілер қызықтырады. Сіздің ойыңызша кез келген эмоция – әлсіздіктің белгісі.
- 6. Романтик:** Сіз шынайы өмірден гөрі арманның құшағында өмір сүруді жөн санайсыз. Күнделікті тірліктен шаршағаныңызда, армандай отырып тынығасыз. Сіз үшін сезім – бірінші орында.
- 7. Педагог:** Сіз өзіңіздің құныңызды жақсы білесіз. Ерекше ойлайсыз және адамдармен жұмыс жасай аласыз. Кез келген сұраққа сіздің жауабыңыз дайын және дегеніңізден қайтпайсыз.
- 8. Періште:** Сіз айналаңызда болып жатқан мәселелердің барлығын күліп жеңесіз. Өзіңіздің жолыңызбен жеңіл саяхаттайсыз. Сіз үшін шешілмейтін мәселе жоқ.
- 9. Мәңгілік күрескер:** Әділетсіздікті жаныңыз сүймейді, сондықтан өзгенің қиындығына бей-жай қарай алмайсыз, әркез жамандықпен күресуді қалайсыз. Сіз қай түрге жатасыз?

Қорытынды:

1. Ізденімпаз::

1. Зухра
2. Марина
3. Гүлдана

2. Реалист::

1. Жамиля
2. Балқаш

3. Философ:

- 1.Тоты
- 2.Бақыт

4. Актер:

- 1.Гүлназ
- 2.Бақтыгүл

5. Финансист:

- 1.Жеміс
- 2.Ақтоты

Педагог-психолог: Елшибекова А.О.

Хаттама №9

Қатысушылар: Педагогтар

Зерттеу уақыты: 24.05.2024

Ойын: «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы»

Мақсаты: Педагогтардың бойындағы эмоциясын шығару, қарым – қатынасты нығайту, қиын жағдайдан шыға білуге және өзін – өзі тануға баулу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, стикер, слайд, теннис добы, ақ парак, ағаш суреті

Уақыт форматы: 30 минут.

Ұйымдастыру кезеңі:

- I. Педагогтармен сәлемдесу.
- II. Көңіл-күйлерін сұрау.
- III. Тренинг ережесімен таныстыру.
- IV. Топтарға бөлу

Тренинг ережесі:

- Тыныштықты сақтау;
- Уақытты тиімді пайдалану;
- Белсенділік;
- Бір-бірімізге сын айтпау;
- Шығармашылық;
- Қол шапалақтау.

Күтілетін нәтиже:

- Өзіне пайдалы ұғымды алады
- Өзін-өзі еркін ұстай білуге үйренеді
- Айналамен қарым-қатынас жасайды
- Өз бойындағы жаман қасиеттерді жеңе біледі
- Өз ойын ашық айта алады

Қорытындысы:

Педагогтарға «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тақырыбында тренинг ойнатылды. Педагогтар ойынды қызықты ойнады. Тренинг барысында педагогтар өте белсенділік танытты.

Педагогтарға арналған психологиялық тренинг

Тақырыбы: «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы»

Мақсаты: Педагогтардың бойындағы эмоциясын шығару, қарым – қатынасты нығайту, қиын жағдайдан шыға білуге және өзін – өзі тануға баулу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, стикер, слайд, теннис добы, ақ парак, ағаш суреті

Уақыт форматы: 30 минут.

Ұйымдастыру кезеңі:

- I. Педагогтармен сәлемдесу.
- II. Көңіл-күйлерін сұрау.
- III. Тренинг ережесімен таныстыру.
- IV. Топтарға бөлу

Тренинг ережесі:

- Тыныштықты сақтау;
- Уақытты тиімді пайдалану;
- Белсенділік;
- Бір-бірімізге сын айтпау;
- Шығармашылық;
- Қол шапалақтау.

Күтілетін нәтиже:

- Өзіне пайдалы ұғымды алады
- Өзін-өзі еркін ұстай білуге үйренеді
- Айналамен қарым-қатынас жасайды
- Өз бойындағы жаман қасиеттерді жеңе біледі
- Өз ойын ашық айта алады

I . «Амандасу» жаттығуы.

Қазақтар-қол алысады

Италияда-құшақтасады

Бразилияда йық қағады

Жапонияда –бір-біріне иіледі

Жаңа Зеландияда - мұрнымен амандасады

Македонияда –шынтақпен

Тай елінде –екі алақанын түйістіріп, бастарына қойып, содан кейін «Савани» деп айтады

(2 минут)

Жүргізуші: Сіздерді үш топқа бөлеміз. I топ-раушан гүлі, II топ –түймедақ, III топ – бәйшешек. Қатысушыларға гүлдің суреті бар қағаздар таратылады.

II. «Ақ және қара айна» тренингі. «Бәйшешек» тобы ортаға шақырылады. Қатысушылар ақ айнаға барып өзінің жақсы жақтарын, армандарын, тілектерін айтады. Қара айнаға барып өзінің бойындағы жағымсыз мінездерін айтады.

Талдау: Жаттығу қиын болды ма? Қиын болса қай жерінде қиын болды?

III. «Құбырдан су ағызу» ойыны.

Құралдар : А4 парақ, үстел тенісінің добы.

Бұл ойынға «Раушан гүл» тобын шақырамыз. Топ шеңберге тұрып, қолдарындағы парақшалармен құбыр жасайды және құбырдан кедергісіз суды ағызады. (5 минут)

IV. «Жалғыз аяқ жол» жаттығуы. Бұл ойынға «Түймедақ» тобын шақырамыз. Барлық ойыншылар бірінің артынан бірін тұрғып, бір-бірінің белдерінен ұстайды.

Жүргізуші: «Құрметті әріптестер, біздің белгісіз бір жерде орманға тап болдық! Біз орманда адасып жүрміз. Орман жолдары қиындықтарға толы екен. Қазір бәрің бірдей келесі қимылдарды орындайсыңдар:

- Келе жатсыңдар, жан-жақтарыңда ит тұмсығы өтпейтін ағаштардың жапырақтары шытырлайды, құстар өлең айтады, жасыл шөптер суылдайды (ойыншылар жан-жақтарына қарайды, құлақтарын түріп, дыбыстарды естуге тырысады).
- Алдарыңда шалшық кезіктіңдер, «Бір шалшық!», «Екі шалшық», «Үш шалшық!» (секіреді, аттап өтеді);
- Асығып келе жатсыңдар;
- Алдарыңнан ағып жатқан өзен көрінді, оның үстінен көпір салынған (көпірдің ағаштарынан ұстанып әзер өтеді).
- Дөңгелектерге кез болдыңдар: «Бір дөңгелек», «Екі дөңгелек!», «Үш дөңгелек!» (секіріп өтеді);
- Батпақ жерлерге кезіктіңдер (аяқтарын әрең алып, зорға өтеді);
- Ойға тірелдіңдер, жатқан ағаш арқылы өту керек (тізбектеліп ақырын өтеді);
- Аяқтарыңды шық түскен шөп сулап тастады (аяқтарын сілкиді);
- Алдарыңа үлкен ағаш құлады (одан аттап өтеді);
- Айдын шалқар көлге кезіктіңдер (айналып өтеді).

Міне, осы көлдің ар жағынан сіздер №8 мектебін қайта таптыңыздар. Мен барлық қиындықтарға мойымағандарыңыз үшін рахмет айтамын. Өмірлеріңізде қиындықтар болмасын, болмашы кедергілерді қайраттылықпен жеңулеріңізге тілектеспін.

V. Қорытынды: Тренингке қатысушыларға стикер беріледі. Бір-бірлеріне, мектебімізге ыстық тілектерін және бүгінгі тренинг туралы ойларын, қандай көңіл-күйде болғандарын, тренингтен алған әсерлерін жазып, ағашқа жабыстырады. Сөйлем басы «Бүгін мен ...» немесе «Бүгін маған» -деп басталады. Барлығы жазып болғасын жазылған тілекті оқиды. Қағазды жырtpай, мектепке естелікке қалдырады.

Қатысушылар бір-бірлеріне тілеген тілектері орындалсын деп қошемет көрсетіп (қол соғып) тренингті аяқтайды.

